



БҰЙРЫҚ

«29» тамыз 2024ж.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 342

Город Кызылорда

**Асханада сатылуға тыйым
салынған тағамдар туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығын, ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ -16 бұйрығын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 177.Тәрбиелеу және білім беру объектілерінің, мектепке дейінгі ұйымдардың, балалар үйлерінің, балаларды сауықтыру және санаторий объектілерінің тамақтану объектілерінде: 1) мыналарды қатық, сүзбе, айранды; туралған ет қосылған құймақтарды; флотша макаронды; зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді; кремі бар кондитерлік өнімдерді; тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлерінде – қалуа, мармелад, пастила); морстар, квастарды; фритюрде қуырылған өнімдерді; шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны;
2. Күрделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды; окрошканы; саңырауқұлақтарды; өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін; тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда); фаст-фудтар: гамбургерлер, ход-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге;
3. Мыналарды: тізбесі тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қолданылатын, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8-бабында және Одақтың

техникалық регламенттерінде айқындалған тамақ өнімін; осы Санитариялық қағидалардың 97-тармағында көрсетілген тамақ өнімін; пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты; йодталмаған тұзды және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді.

4. Оқушылардың тамағына жаңа жоғары сапалы тағамдарды сертификатымен қабылдау қамтамасыз етілсін.
5. Барлық сыныптарда тағамдарды қолдану туралы тәрбие сағаттары, үгіт жұмыстары жүргізілсін және орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Киымовке, С.Абдигапбаровқа, әлеуметтік педагог М.Абдуллаеваға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Киымовке, С.Абдигапбаровқа, жеке кәсіпкер «ИП Исанкулов Д» басшысы Исанкулов Даурен Болатовичке жүктелсін.

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі
КММ директоры



Б.С.Тумурзаев

Генеральный директор
Иванов И. И.